

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» тақырыбындағы
жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы

21 тамыз, 2025ж

Төрағалық еткен: Б. Қарымсақова – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс офицері»

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

Бүгінгі күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселе, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» тақырыбындағы жиын отырысында көтерілген мәселелерге талқылау жүргізіп, шешім қабылдау.

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Б. Қарымақова бұл жиынның басты мақсаты – ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нөлдік төзімділік қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың белгілері және алдын алу, мекемедегі сыбайлас жемқорлық қатерлерін жою бойынша жиынды ашып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның архивист маманы Ғ. Абудумамынов комплаенс офицері Б. Қарымсақованың сөзіне келісіп, кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен стандарттары жайында баяндады.


Күн тәртібіндегі жасалған баяндамалар назарға алынып,

ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ:

1. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер жайында түсіндіру жұмыстары жөнінде баяндамалар назарға алынсын.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тармақтарына түсіндіру жұмыстары туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағалық еткен



Б. Қарымсақова